

Отбасылық тәрбиенің бала дамуына әсері.

Баланың шыр етіп өмірге келуі – зор қуаныш. Өйткені абал өмірдің сәні, отбасының шаттығы. Дана қазақ тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді шілдеханамен қарсы алып, тербелген тал бесікке салған. Бесік жырымен әлдилеген, алақанға салып аялаған. Тәрбиесіне жауаптылықпен қарап, бойына жақсы қасиеттер сіңіруге тырысқан.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты - балада» деген екен. Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше. «Бақытыңды басқадан емес, балаңнан ізде» - деген даналық сөз бар. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреу даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Адамға нағыз бақытты – тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні өз ұрпағы.

Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз ата-ана. Ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірі мен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмайтын, сырласа білмейтін ата-аналар, «Екеуміз де жұмыстамыз», кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге арнайы уақыттың қажеті жоқ. Ата-ана балаларымен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, аузына келген сөздерді айтуы балаға теріс әсер етеді. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» - дегендей, ертең ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» - дейді дана халқымыз. Бала тез еліктегіш, сенгіш болғандықтан жаман қылықтарды да тез үйренеді. Бала кішкентай кезінен әр нәрсеге әуестеніп, үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір ата-ана «жұмысымды бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін, бұл қате түсінік. Керісінше қолынан келетін іске жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Баланың жақсы істерін мадақтап, теріс жасаған істерін оң етіп түсіндіріп отырса ол да тапсырманы орындауға қарсылық білдірмейді.

Тәрбиелеу балаға мақсат қойып, ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз. Тәрбие баланың дене және ақыл – ой қабілетін дамытады, оны алдағы еңбекке даярлайды, сол бойынша болашақ қоғамның белсенді қайраткерлері өсіп шығады.

Ата-анаға мынадай кеңестерді ұсынамын:

Баланың әр күнді бастауы, қарсы алуы сәтті болуы керек. Ол үшін таңертең баланы оятқанда жайлап оятыңыз. Ол сіздің күлімдеп, мейіріммен жақсы көріп тұрғаныңызды сезуі керек.

- Балаға балабақшаға барарда сәттілік тілеу керек.
- Бала балабақшадан келгенде бірден сұрақ қойып қарсы алмау керек.
- Бала бірдеңе айтқысы келсе, қарсы болмай тыңдау керек.
- Бала ренжіп отырса себебін өзі айтқанша сұрауға асықпаңыз.
- Балаңызға қатты дауыспен сөйлемеңіз.

Отбасы – қоғамның маңызды буыны. Көп ұлт мекен еткен мемлекетіміздің негізі осы шағын ұжымдардан қаланады. Кез – келген отбасы өзін қоғамның бір бөлігімін деп түсінеді. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады., оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі дүниеге келген сәбиді пәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы – бала дамуы мен қалыпты өмір сүруіне тиімді жалғыз орын.

Отбасындағы жылулық пен мейірімді ештеңемен алмастыру мүмкін емес. Отбасының бірлігі ұрпақ тәрбиесінде өте қажет. Бұл - өте қымбат ұлттық құндылық.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бала тәрбиелеудегі осындай міндеттерді іске асырушылар мектепке дейінгі мекеме мен отбасы. Жаңа ғасырда өркениетті елдер қатарынан орын аламыз десек, жас ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеуге, дұрыс білім беруге міндеттіміз.

Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім баспалдағы – балабақша, жол сілтеп, жетелеп, үйретуші – тәрбиеші.

Балабақшадағы тәрбие – ұлттық сана, адамгершілік қадір – қасиеті мол, белсенді жеке адамды қалыптастырып шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс үстінде қалыптасады. Ойнау, еңбек ету және білім алу барысында ақыл – ой, көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, дағдыларды игеруге бейімделеді.

Балабақшаның негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының дамуы үшін қолайлы кезең. Сонымен қатар балаға «сіз», «рахмет», «кешіріңіз», «өтінемін» - деген сияқты сыпайылықты білдіретін сөздерді үлкендерге айтып жүруге үйрету. Оған дағдыландыру ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті.

Қорыта келе ,тәрбиедегі ең басты ережелер – балаға керекті кезде назар аудару білу, оған деген махаббатты қай жаста да көрсете білу, оның көзқарастарын, ерекшеліктерін түсіне білу болып табылады дегім келеді. Сонымен қатар жаңа ғасырда, қоғам мүддесіне сай лайықты жан – жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру отбасының, мектептің, барша жұртшылықтың міндеті. Отбасы жауапкершілігі бәрінен биік.

КОНСУЛЬТАТИВТ...

Айерке Ата Ана, Қымбат К...

Сегодня


Сәлеметсіздерме Ата-аналар!

17:23 ✓

КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТ
ОНЛАЙН ТҮСІРДІРМЕ
ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮРГІЗІЛІП ОТЫР

17:23 ✓

17:23 ✓



+3